

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп психологының атқарылған жұмысы туралы хабарлама

Оқу жылының басында 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Мектебімізде оқу жылының басында 49 оқушымен бастап, 47 оқушымен аяқтадық.

Психологиялық қызмет мынадай 5 бағыт бойынша жұмыс жасайды: психодиагностика, психопрофилактика, түзету-дамыту, кеңес беру, ұйымдастырушылық- ағартушылық жұмыстары жүзеге асырылады.

Қыркүйек айында мектепке оқуға даярлықтың жалпы деңгейін анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларынан Керн Йрасек әдістемесі алынды. Диагностикаға барлығы 3 оқушы қатынасты. Нәтижесінде 2 оқушы оқуға дайын, 1 оқушы оқуға дайындығы орташа деңгейде екендігі анықталды.

Сонымен бірге осы бірінші және бесінші кластан «Менің класым» жобалау әдістемесі алынды.

Мақсаты: Оқушылардың мектепке бейімделу деңгейін анықтау Алынған әдістеменің қорытындысы шығарылып, анықтамасы жазылды.

Оқушылардың агрессия деңгейін анықтау мақсатында 6-9 класс оқушыларынан Басса Даркий сауалнамасы алынды. Сауалнамаға барлығы 24 оқушы қатынасты. 3 оқушы қастандыққа жақын нәтиже көрсетті. Ол балалармен жеке сұхбат жүргізіліп, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

5 сынып оқушылары арасында «Із кесуші» акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты:

Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, ұжымдық ортада өзін-өзі ұйымдастыру.

Акцияға оқушылар белсенділік танытып, берілген сұрақтарға қызығушылықпен жауап берді.



«Отбасымызда зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізілді. Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөлді атқарушы – отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.



Қазан айында 5-7 класс оқушыларынан Гудман сауалнамасы алынды. Мақсаты: Жасөспірімдердің тәртібіндегі, мінез-құлқындағы күшті жақтары мен қиындықтарын анықтау. Сауалнамаға барлығы 18 оқушы қатынасты. 1 оқушымен жартылай сұхбат жүргізілді.

Оқушылардың депрессия, үрей, стресс деңгейлерін анықтау мақсатында 8-9 сыныптар үшін DASS сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 14 оқушы қатысып, барлығы қалыпты деңгейде екендіктері анықталды.

Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау мақсатында Зунге шкаласы (Т.И. Балашованың бейімдеуі бойынша) әдістемесі алынды. Бұл диагностикаға 6-7 класс оқушыларынан 10 оқушы қатынасты. Нәтижесінде сауалнамаға қатынасқан оқушылардың барлығы да депрессиясыз күй болып есептелінді.

5-9 класс оқушыларымен «Социометрия» әдістемесі өткізілді. Мақсаты: Балалар арасында өзара қарым-қатынасын анықтау, алынған мәліметтерді оқу-тәрбие жұмыстарында қолдану, топ ішінде психологиялық қолайлы жағдай орнату. 5 оқушы – лидер, 5 оқушы – лидерге бейім, 15 оқушы – топқа қабылданатындар, оқшау оқушы анықталмады.

«Агрессияның орнына эмпатия» тақырыбында 5-9 класс оқушыларымен тренинг өтті. Мақсаты: Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, топта жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру.

9 сынып оқушылары үшін ситуациялық мазасыздық, жеке мазасыздық шкаласын анықтау мақсатында «Спилберг-Ханиннің мазасыздық деңгейін анықтау» сауалнамасы алынды. Алынған сауалнамалар нәтижесінде оқушылар қалыпты деңгейде екендіктері анықталды.

15 қараша күні аудандық полиция, акимат, дәрігерлік психолог мамандар 8-9 класс оқушыларына құқық бұзушылыққа байланысты түсінік жұмыстарын жүргізді.

Ақпан айында «Заңды білу-заман талабы» тақырыбында учаскелік полиция қызметкері Бисебаев Дастан оқушылармен кездесу өткізді.

Суицидке қатысты, буллинг мәселелерін зерттеу сауалнамалары алынды. Сауалнамаға 8-9 сынып оқушылары қатысты. Сауалнама қорытындылары шығарылып, аудандық білім бөліміне тапсырылды.

Жалпы жүргізілген жұмыстар бойынша құқықбұзушылыққа бейім оқушылар анықталмады.

Жасалған жұмыстардың қорытындылары шығарылып, хаттамалары толтырылды және электронды журналға салынды.

Осы оқу жылында бірнеше облыстық, аудандық семинарға қатынасып, 8 сағаттық біліктілікті арттыру курстарынан өттім.

Семинарларда басқа әріптестердің іс-тәжірибесімен және өз іс-тәжірибеммен бөлістім.

1.«Психологиялық консультация және метафоралық ассоциативті карточкалардың тиімділігі». (Республикалық деңгей) атты семинар 8 сағат көлемінде. «Өрлеу» БАҰО АҚ. 07.04.2023ж.

2. «Буллинг- себептері, формалары, алдын алу» тақырыбында білікті арттыру курсы. Өрлеу. 19.09.2023ж

3.«Қазіргі отбасылардың психологиялық мәселелерін сүйемелдеу мен қолдау» тақырыбындағы аудандық семинарда өз тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хат. 26.09.2023жыл

4.Ойыл ауданындағы «Дарын күндері» жобасы семинар. «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы. 17 қараша. 2023ж.

5.«Increasing students interest in English lessons using various methods» тақырыбында аудандық тәжіриберілік семинарында жоғары кәсіби деңгейде өз тәжірибесімен бөлісіп, шығармашылық ізденістері мен шеберлігін көрсеткені үшін Алғыс хат. 22.11.2023ж.

6.«Педагогикалық серіктестік-көшбасшылық келбет» тақырыбында өткен жалпы білім беру ұйымдарының педагог-психологтеріне арналған аудандық семинарында өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, жұмыс ұсынғаны үшін Диплом. 09.02.2023ж

7. «Үздік психолог кабинеті» қашықтықтан ұйымдастырылған байқаудың аудандық кезеңінің ІІІ орын иегері. 27.11.2023ж.

8. «Үйлесімділік» ағартушылық жобасы аясында: «Сүйіспеншіліктің бес тәсілі» атты облыстық семинар-практикум. 13.12.2023ж.

9. «Үйлесімділік» ағартушылық жобасы аясында: «Отбасылық тәрбие стилі» тақырыбында облыстық семинар-практикум. 21.12.2023ж.

10. Педагог- психологтар арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан І орын. 2021 жыл. Қараша

11. Психологотар мен әлеуметтік педагогтер арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан І орын. Наурыз, 2024ж